

Ана тілі-жүрек үні



Құндылығы: Сүйіспеншілік

Қасиеттері: Шынайылық; адамдарға
риясыз қызмет ету; жанашырлық



Мақсаты: Оқушыларға әлемдегі барлық жақсылық пен игі істердің ең асыл сезім –ана махаббатынан тарайтындығын сүйіспеншілік құндылығы арқылы түсіндіру.

Міндеттері:

1. Білімділік: Оқушыларды адамдарға риясыз қызмет етуге үйрету.
2. Дамытушылық: Оқушылар бойындағы шынайылық қасиеттерін дамыту.
3. Тәрбиелік: Оқушыларды жанашырлыққа тәрбиелеу.



Өзін - өзі тану пәнінің ережесі

5Т



T

- әртіп
- азалық
- алап
- ЫНЫШТЫҚ
- атулық



Тыныштық сәті:
Нұрға бөлену



Үй тапсырмасын тексеру.

1. №29 – сабақ. Жұмыс дәптердегі 1 – тапсырманы орындау.

2. Келесі сабақ. №30, Ә.Кекілбаев мәтінін оқып келу, мазмұнын айту.



Сабақтың дәйексөзі

Ананың алақаны балаға айдынды қоныс.

Халық мақалы

Көзқарас:

Себеп:

Мысал:

Жалпылау:



Жақсы көретініңізді айтыңыз

Атақты ғалым бір дәрісінде “Кімді жақсы көрсеңіз, оған барып жақсы көргеніңізді ашық айтыңыз” дегенді айтады. Бір апта өтіп, психологқа Джон есімді біреу телефон соғып, былай дейді:


- Өткен аптада айтқан сөзіңіз мені қатты ойландырды. Дәрістен шығып, жақсы көретін ешкімім жоқ екенін үйге дейін ойлап бардым. Мен осыдан бес жыл бұрын әкеммен қатты ұрысып үйден кеткен біреумін. Ол кезден бері бір-бірімізге тіл қатпайтын болдық. Тіпті отбасы бірге жиналған кездердің өзінде онымен кездеспеуге тырысатынымын. Үйге жеткенімде “жақсы көретінімді” әкеме айтуға ниеттендім. Осындай шешімге келудің өзі үстімнен ауыр жүк түскендей болды. Үйден шығып, ата-анамның үйі жаққа бардым. Олардың есігін қағып, есікке әкемнің шығуын тіледім. Өйткені бірінші анамды көріп қалсам, жақсы көретінімді оған айтып, әкеме жолығуға тағы да батылым бармай кері қайтатынымды сездім. Есікті әкем ашты. Табалдырықты аттамай есіктің алдында тұрып «Әке, сені жақсы көретінімді айту үшін келдім» дедім. Әкем бірден мүлдем басқа адам болып кеткендей болды: жүзі жұмсарып, көзі жасаурады. Мені құшақтай салып, басымнан сипалай берді де: «Мен де сені жақсы көремін, ұлым менің» деді. Айтайын дегенім – жақын адамдарға оларды **жақсы көретіндігімізді айту керектігін** жақсы ұққандаймын. Рахмет сізге.



Сұрақтар:

1. Ғалымның сөзі неліктен Джонды қатты ойландырды?
2. Джонның әкесіне жақсы көретінін айтқанда неліктен үстінен жүк түскендей болды?
3. Жақсы көретін адамдармен ренжісуге бола ма? Неліктен?
4. Өздерің басқаларға жақсы көретіндеріңді айтасыңдар ма? Қалай?
5. Сені басқалар жақсы көретінін сезінгенде қандай сезімде боласың?



A collection of colorful pencils is arranged in a fan shape at the top left of the page. In the bottom right corner, there is a watercolor palette with several colors (black, red, yellow, blue, green) and three brushes. A single yellow pencil lies horizontally on the right side of the page. The notebook has a red cover and a spiral binding on the left side.

**Шығармашылық жұмыс, топпен жұмыс.
Оқушылар төрт топқа бөлінеді.
«Ана махаббаты» тақырыбына сурет салу.**

Еркін Нұржанов. «Анашым»

Елжіреп жататын ертегімде,
Есімде балапан күндерім.
Сол айтқан ертегі жетелеген,
Керемет түсінген түндерім.

Қайырмасы:

Шуақты нұрыңмен
Нұрбақыт ержеткен
Анашым аяулы сағындым
Кейелі бесіктен
Әлдилеп тербеткен
Келеді сәби боп танылғым
Ақниет арайлы келбетіңнен
Күтіп ем бақыттың ақтаным
Осынау дөңгелек жер бетінде
Өзындай асыл жан таппадым

Қайырмасы:

Жан ана әлемде сіздер үшін
Ешкім жоқ өзіңдей құрметті
Арналған ән арнап сіздер үшін
Бас иіп тұруға міндетті.



Үй тапсырмасы.

1. №30 – сабақ. Жұмыс дәптеріндегі 1 – тапсырман орындау.
2. Келесі сабақ. №31, «Қыз-Құндыз» ертегісін оқып келу.



Сабақтың қорытынды сәті.

Тыныс алуға зейін қою.

Мұғалім: Сіздерден аяқ-қолыңызды айқастырмай, түзу отыруыңызды өтінемін. Біз қазір тыныс алу жаттығуын жасаймыз. Тыныс алуға зейін қойған кезде, біздің ақылымыз дем алады. Ауаны ішке жұту кезінде тыныштық пен қуаныш қабылдаймыз. Демді сыртқа шығарған кезде өзіміздегі мазасыздықтарды сыртқа шығарамыз. Кәне, дайындалайық, балалар. Көзімізді жұмамыз..., арқамызды тіктейміз..., қолдарыңды тізеге қоюға болады...

Д е м а л..... ш ы ғ а р... (жаймен 9-10 рет) немесе 1.....2 [3].

Бүгінгі сабақтан игерген жақсы қасиеттерді есімізге түсіріп, жүрегімізге сақтайық.

